

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 2 ақпан 16 қаңтар 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылғы 1 наурыздан бастап магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметтеріне тарифтердің өзгергені туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) 2026 жылғы 30 қаңтардағы №7 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында көрсетілетін келесі қызметтерге тарифтер бекітіліп, олар **2026 жылғы 1 наурыздан бастап** қолданысқа енгізіледі:

- Т. Қасымов атындағы МАС-та теміржол цистерналарынан мұнайды құю – 1 тонна үшін 1 715,05 теңге (ҚҚС-сыз) өсім 969 теңге, немесе 130 %;
- Т. Қасымов атындағы МАС-та мұнайды «Кенкияк-Атырау» мұнай құбырына ауыстырып құю – 1 тонна үшін 80,99 теңге (ҚҚС-сыз) өсім 0,6 теңге, немесе 0,8 %;
- «Шағыр» мұнай құю эстакадасында мұнайды теміржол цистерналарына құю – 1 тонна үшін 517,00 теңге (ҚҚС-сыз) өсім 236 теңге, немесе 84 %.

Сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) 2026 жылғы 30 қаңтардағы №8 бұйрығына сәйкес 2026 жылғы 1 наурыздан бастап Ресей Федерациясынан шыққан мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзиттік тасымалдау құны өзгереді:

- Ресей Федерациясынан шыққан мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзиттік тасымалдау құны – 1 тонна үшін 28,02 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) өсім 0,12 АҚШ доллары, немесе 0,4 %;
- оның ішінде «Шағыр» мұнай құю пунктінде мұнайды теміржол цистерналарына құю тарифі – 1 тонна үшін 0,96 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) өсім 0,12 АҚШ доллары, немесе 14 %.

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады. Ұзындығы 5,2 мың шақырым магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісін иеленеді және ұзындығы 5 мың шақырымнан астам басқа ұйымдардың құбырларына операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**